

Жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру институтын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 желтоқсан 1993 ж. N 1222

"Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен "Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1059 Р931059_ қаулысына сәйкес және республиканың жоғары мектеп ғылыми-педагогикалық мамандарының біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің Қазақстан Республикасы Білім министрлігімен келісілген Әл-Фараби атындағы ҚазМУ жанындағы қоғамдық ғылымдар оқытушыларының біліктілігін арттыру институты және жалпы ғылыми пәндер оқытушыларының біліктілігін жетілдіру факультетінің негізінде Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеті жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру Институтын ұйымдастыру жайлы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі белгіленген тәртіппен Әл-Фараби атындағы ҚазМУ жанындағы Қоғамдық ғылымдар оқытушыларының біліктілігін арттыру институтының оқу ғимараты мен жатақханасын Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетіне берсін.

3. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеті Білім министрлігімен жоғары оқу орындары бар республиканың басқа да министрліктерімен және ведомстволарымен бірге жыл сайын осы аталған біліктілікті институтының тыңдаушылар тобын қалыптастыруды жүзеге асырсын және оның материалдық-техникалық базасын көзделген мақсатта пайдалануды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі